

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**  
**«Балдырған» шағын орталық тобы**  
**3- жас**

<b>Өтпелі тақырып: Балабақша (Қыркүйек)</b>	<b>1.апта: Менің балабақшам 01-03.09</b>	<p><b>Денсаулық</b> Дене шынықтыру (3сағат)</p>	<p><b>Коммуникация</b> Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (0,5) Орыс тілі (0,5)</p>	<p><b>Таным</b> Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру (1 с) Жаратылыстану (1с) Құрастыру (0,5)</p>	<p><b>Шығармашылық</b> Сурет салу (1с) Музыка (1,5с) Мүсіндеу (0,25) Жапсыру (0,25)</p>	<p><b>Әлеумет</b> Қоршаған ортамен танысу (0,5)</p>
		<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>«Нарғызға қонаққа барамыз»</b> 1. Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. 4-6 м арқашықтыққа еңбектеу. <b>«Сылдыр-сылдыр сылдырмақ»</b> 2. Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. 4-6 м арқашықтыққа еңбектеу. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>« Балабақшамен танысу»</b> Топ бөлмелері мен топтағы заттарды, заттардың бөлшектерін ажыратып атауға, сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйрету.</p>	<p><b>Қ МҰҚ</b> « Таңертең. Үлкен –кіші. Бір -көп» Таңертең –тәулік бөлігімен таныстыру. Таныс заттарды көлеміне (үлкен -кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды үйрету. Шыдамдылыққа және қызығушылыққа тәрбиелеу. <b>Жаратылыстану</b> <b>Менің балабақшам</b> Балабақшаның ауласындағы өсімдіктерді, ағаштарды, гүлдерді бақылау жасау, олардың өзіне тән белгілерін байқап, сипаттай білуді үйрету</p>		

2-апта: Менің достарым  
06-10.09

**Дене шынықтыру  
«Сылдыр-сылдыр  
сылдырмақ»**

1.Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату

**«Тауық пен балапандар»**

2.Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу.

**«Тауық пен балапандар»**

3.Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.

**Сөйлеуді дамыту  
«Ойыншықтар  
достығы»**

Достық туралы түсінік беру, зат есімдердің жекеше түрін қолдануға, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету.

**Орыс тілі**

**Тема:** Мои друзья

**Цель:** научить детей слушать, запоминать и правильно произносить русскую речь, понимать и отвечать на простые вопросы

**Дидактическая игра:** «Кто это?»

**Қ МҰҚ  
Күндіз. Шеңбер.  
«Көп», «Біреу»**

Күндіз – тәулік бөлігімен таныстыру. Шеңбер туралы түсініктерін қалыптастыру, заттарды салыстыра білуге үйрету. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Жаратылыстану**

Сипап сезу және дәмін тату арқылы көкөністер мен жемістерді ажыратып, атай білуге сөйлегенде: шикі, піскен, тұзды және т.б. сөздерді қолдануға үйрету.

**Құрастыру**

**«Менің достарымның үйі»**

Балаларды үйлер туралы мағлұмат айту және үйлерді құрылыс материалдарынан құрастыру, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, құрылыс материалдардың кеңістікте дұрыс орналастыра білуге үйрету. Өзара қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу.

**Сурет салу  
«Досымның үйі»**

Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Балаларға дос туралы әңгімелеу досының үйін дұрыс салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Қоршаған ортамен танысу  
«Балабақшадағы  
досымз»**

Балабақша мен балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту, балабақшаға жағымды көзқарастарын қалыптастыру

<p style="text-align: center;"><b>3-апта: Сүйікті ойыным. Ойыншықтар 13-17.09</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>«Күшікке қонаққа барамыз»</b> 1. Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Тепетеңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. <b>«Күшікке қонаққа барамыз»</b> 2. Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Тепетеңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. <b>«Тышқандар»</b> 3. Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>«Біздің ойыншығымыз»</b> Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, ойыншықтардың аттарын атай отырып, оларды сипаттап айтуға үйрету. Жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде айтуға жаттықтыру. Ойыншықтарын күтіп ұстауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> <b>«Менің досым»</b> Достар туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақтың интонациясын сақтап айтуға үйрету. Өз дастары туралы айтуға дағдыландыру. Достыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>ҚМҰҚ</b> <b>«Кеш» .Үлкен- кіші. Бір-көп.»</b> Кеш- тәулік бөлігімен таныстыруды жалғастыру; тәулік бөлігін ажырата білулерін қалыптастыру. <b>Жаратылыстану</b> Ойыншықтар әлемі Балаларға ойыншық туралы мағлұмат айту онымен қалай ойнау керектігін тсіндіру.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>«Түрлі түсті доптар»</b> Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жолақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Жапсыру</b> <b>Менің добым</b> Дайын қағаздардан әртүрлі доптарды дұрыс жабыстыруға үйрету. Берілген үлгі бойынша доптың бейнесін дұрыс жасауға үйрету.</p>	
---	--	---	---	---	--

	<p style="text-align: center;"><b>4.апта: Күзгі гүл шоқтары 20-24.09</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>«Тышқандар»</b> 1.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. <b>«Көжектер»</b> 2.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. <b>«Көжектер»</b> 3.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>« Ғажайып гүлдер»</b> Гүлдер туралы түсінік беру. оларды сипаттап айтуға үйрету. Сөздік қорын молайту, сөз тіркестерін үйрету. Ұйымшылдыққа баулу. <b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Осение цветы» <b>Цель:</b> Обучать правильному произношению гласных звуков, формировать навыки понимания и восприятия названий цветов, отвечать на короткие вопросы. <b>Дидактическая игра:</b> «Куда что положить?»</p>	<p><b>ҚМҰҚ</b> <b>«Түн» « Бір-көп» «Шеңбер»</b> Тәулік бөлігі – түнмен таныстыру; заттар жиынтығын салыстыруды, бір зат қайда, көп зат қайда тұрғанын ажыратуды үйрету; шеңбер пішінді заттардың суретін салу арқылы жаттықтыру. Зерделілікке тәрбиелеу. <b>Жаратылыстану</b> «Күзгі гүл шоғы», Кірпіге арналған алмалар мен жидектер.Гүлдерді күтуге, аялауға тәрбиелеу. Үлкен және кіші көлемді, дөңгелек пішінді жидектер мен алманың суретін салуға үйрету. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. <b>Құрастыру</b> <b>«Қызыл гүл»</b> Гүлдер туралы ұғымдарды бекіту, түстер туралы таныстыру, қатты қағаздан қиылған гүлді төртбөліктен құрастырып жасауға, кеңістікті дұрыс бағдарлай білуге үйрету, ұлттық ыдыс туралы қарапайым түсінік беру, гүлді ұқыпты ұстай білуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>«Түрлі түсті гүлдер»</b> Балаларды шаршы пішінді гүлді өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді қылқаламмен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге,көркемділік талғампаздыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> <b>«Шақырамыз күзді, әдемі гүлмен!»</b> Табиғат құбылыстармен таныстыруды жалғастыру. Жанды және жансыз табиғатты маусымдық өзгерістерді бақылауда үйрету арқылы зейіндерін дамыту. Табиғатты сүйене баулу</p>
--	--	---	---	--	--	--

	<p>1. апта : жыл құстары 27.09-01.10</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>«Цирктегі жануарлар»</b> 1. Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Допты екі қолмен жоғарыға лақтыру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. 2. Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Допты көлденең нысанаға лақтыру. 3. Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Допты көлденең нысанаға лақтыру. Бөрененің үстімен еңбектеу.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>«Құстардың тіршілігі»</b> Балаларға құстар туралы білім беру, білген білімдерін жетілдіру. Құстар туралы тақпақтар, мен жұмбақ шешкізу арқылы балалардың тілдік қорын жетілдіру. Қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. <b>Көркем әдебиет</b> Құстар тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасауға үйрету.</p>	<p><b>ҚМҰҚ</b> Екі қарама-қарсы заттарды ұзындығы бойынша салыстыруды жетілдіру <b>Жаратылыстану</b> Үй құстары туралы балалардың білімдерін кеңейту: әтеш, тауық, балапан олардың ерекшеліктерін бақылау (немен қоректенеді, қалай қимылдайды, қандай дыбыстар шығарады, ересектердің үй құстарына күтім жасауы туралы)</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Құстың ұясы.</b> Дөңгелек пішіндерді салуды жетілдіру, ұяның суретін дұрыс салуды үйрету</p> <p><b>Мүсіндеу</b> <b>Ұяшық</b> Балаларға ұяшық туралы мағлұмат айту. Дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерімен азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету</p>	
--	--	--	--	--	---	--

<p style="text-align: center;"><b>Өтпелі тақырып: Менің отбасым (Казан)</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>1.апта:Меніңотбасым, ата-аналаренбегі 04.10-08.10</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>«Қонжықтар»</b> 1.Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Қарамақарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. <b>«Қонжықтар»</b> 2.Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарамақарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. <b>«Тиінге қонаққа барамыз»</b> 3.Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>«Өзінің отбасы туралы әңгіме»</b> Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, өз отбасы жайлы әңгімелеу барысында сөздік қорларын толықтыру. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. <b>Көркем әдебиет</b> <b>«Жұмыстың бәрі жақсы»</b> Қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар, мамандық арқылы кеңейту. Туынды кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау, өз ойлары мен алған әсерлерін айта білу білігін дамыту.</p>	<p><b>ҚМҰҚ</b> <b>«Сол жақта-оң жақта. Заттарды сәйкестендіру. Дөңгелек»</b> Сол жақта-оң жақта кеңістік түсініктерін қалыптастыру бағыттағы кеңістікті ажырата білуге үйрету. <b>Жаратылыстану</b> <b>«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»</b> Отбасы туралы түсінік берубаланың үйдегі орны жайлы түсініктерін қалыптастыру баланың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу. Қарапайым дербес тәжірибе әрекетін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Құрдастарына достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>«Менің отбасым»</b> <b>Әженің моншағы</b> Балаларды бояумен біркөлемді дөңгелектерді көлденінен жүргізілген сызықтың бойымен салуды үйрету. Әсемдікке тәрбиелеу. <b>Мүсіндеу</b> <b>«Менің отбасым»</b> <b>Әпкемнің моншағы</b> Балаларға әпкемнің моншақтар туралы түсінік беру оларды қалай айырмашылығын ажырата білуге үйрету; үлкен және кішкентай домалақ заттарды жасауды дамыту.; эстетикалық талғамды сақтап, жұмысты ұқыпты жасауға тәрбиелеу.</p>	
---	---	---	--	---	--	--

<p style="text-align: center;"><b>2. апта: Қош келдің Алтын күз! (табиғат) (қазан айы) 11.10-15.10</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>«Тиінге қонаққа барамыз»</b> 1. Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. <b>«Балапандарға қонаққа барамыз»</b> 2. Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарамақарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. <b>«Балапандарға қонаққа барамыз»</b> 3. Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>« Алтын күз»</b> <b>(сурет бойынша әңгімелеу)</b> Күздің негізгі белгілерімен, күзгі табиғатпен, күзгі еңбек түрімен таныстырып, алған білімдерін тиянақтау. Әңгіме құрап айтуды дамыту, сөздік қорларын молайту, берілген сөз арқылы сөйлем құрау, күз мезгілінің ерекшелігін танып, білуге тәрбиелеу. <b>Орыс тілі</b> <b>Тема: «Золотая осень»</b> <b>Цель:</b> Обучать правильному произношению гласных звуков, называть времена года и некоторые явления природы, отвечать на короткие вопросы простыми предложениями <b>Дидактическая игра:</b> «Найди и назови правильно»</p>	<p><b>ҚМҰҚ</b> <b>«Таң, күндіз, кеш, түн. Сол жақта-оң жақта. Дайын пішіндерді жапсыру»</b> Тәуліктің қарама-қарсы мезгілдерін айыру білу: таңертең-кеш, күндіз-түн, үлкендер мен балалардың іс-әрекетінен тәулік мезгілінің ажырата білу; балаларға жапсырманы дайын пішіндерге кезектілікті сақтай отырып апсыру тәсілдерін үйрету; ұқыпты болуға тәрбиелеу. <b>Жаратылыстану</b> <b>«Күзгі мол өнім»</b> Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу <b>Құрастыру</b> <b>«Күзгі табиғат»</b> Құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыруға және оның көлеміне, пішініне, түсіне қарай күзгі табиғат дұрыс жасай алуға дағдыландыру, күз туралы қарапайым түсініктер беру және ұқыптылыққа жасай білуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>«Күз бейнесі»</b> Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай отырып білуге үйрету. Күзді таныстыруды жалғастыру, күзгі бейнені түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемдікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> <b>«Алтын күз»</b> Ауа райының жағдайын анықтай білу, күзгі табиғат құбылыстарын бақылау, табиғатқа қамқорлықпен қарауға үйрету</p>
--	--	---	--	--	---

3. апта: Ас атасы – нан (қазан)  
18.10-22.10

**Дене шынықтыру**  
**«Орманға пойызбен саяхат»**  
1. Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру.  
«Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.  
**«Орманға пойызбен саяхат»**  
2. Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру.  
**«Бүгін біз циркке барамыз»**  
3. Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру.  
«Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу.

**Сөйлеуді дамыту**  
**«Дастарқанға нан қайдан келеді?»**  
Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту. Балалардың білімге құштарлығын, зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту. Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу  
**Көркем әдебиет**  
«Алтын дән» (өлең) Күләш Ахметова. Еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу.

**ҚМҰҚ**  
**Таң, күндіз, кеш түн. Сол жақта-оң жақта. Дайын пішіндерді жапсыру.**  
Дайын пішіндерді жапсыру түсініктерін қалыптастыру және оларды дұрыс пайдалануға үйрету. Қағаз бетінде бағдарлауды (сол жақта-оң жақта) жалғастыру. Жапсыру жұмысын орындағанда ұқыпты блуға тәрбиелеу.  
**Жаратылыстану**  
«Ас атасы-нан»  
Балаларға нан туралы ақпарат айту білімдерін кеңейту, олардың өздеріне тән ерекшеліктерімен: Балалардың білімге құштарлығын, зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту. Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеуге үйрету.

**Сурет салу**  
**«Алтын күз»**  
Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемділігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.  
**Жапсыру**  
**«Алтын бидай»**  
Бейнеленген заттарға сәйкес түрлі түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдауды, желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағуды, күздегі ағаштың бейнесін жасауды үйрету



<p style="text-align: center;">4.апта: Жомарт күз(өнім) 25-29.10</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> «Бүгін біз циркке барамыз» 1.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. <b>«Цирктегі аттар»</b> 2.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. <b>«Цирктегі аттар»</b> 3.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алғажылжи отырып секіру</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>«Алтын күз»</b> Балалардың күз туралы түсінігін кеңейту, Алтын күздің ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Суреттер бойынша әңгіме құрастыру арқылы балалардың тіл байлығын дамыту. Құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Осень золотая» <b>Цель:</b> Познакомить с новыми словами по теме, ввести в речь грамматические формы новых слов, развивать воображение, внимание, память. Воспитывать уважение к труду. <b>Дидактическая игра:</b> «Кому что нужно для работы?»</p>	<p><b>ҚМҰҚ</b> <b>Шаршы. Ұзын-қысқа. Сол жақта- оң жақта</b> Геометриялық фигураларды атау және тану, шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Ұзындығы жағынан бір-біріне қарамқа-қарсы затты (ұзын-қысқа) салыстыру; қағаз бетінде бағдарлауды жалғастыру (сол жақта-оң жақта); геометриялық фигура – шаршымен таныстыру. <b>Жаратылыстану</b> «Күзгі санырауқұлақтар» Санырауқұлақтардың 2-3 түрін ажырату және атай алу дағдысын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарымқатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу. <b>Құрастыру</b> <b>«Күзгі жапырақтар»</b> Қағазбен жұмыс жасауға дағдыландыру, саусақ бұлшық еттерін дамыту, күз көрінісін бейнелей білуге және табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>«Алтын күз»</b> Алтын күздің бейнесін дұрыс салуға түстерді ұқсастығын тауып, соны сала білуге жаттықтыру. Күз бейнесін салуда бояуды сызықтың шеттеріне шығармай бояуды үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> <b>«Жеміс бағына саяхат»</b> Балаларда күз сыйлықтары туралы түсініктерін қалыптастыру ; жемістер туралы білімдерін бекіту; пішінін анықтауды үйрету; табиғатқа деген мейірімділікті тәрбиелеу.</p>
--	--	--	---	---	---

<p style="text-align: center;"><b>Өтпелі тақырып: Дені саудың жаны сау (Қараша)</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>1. апта Бәрі мен жайында 01-05.11</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  1.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу.  2.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру.  3.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. Допты екі қолымен көкірек тұсынан лақтыру</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>«Бәрі мен жайында»</b>  Өзінің дене мүшесін ажыратып атауға, дене мүшелерінің атқаратын қызметтерін айтуға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету.  <b>Көркем әдебиет</b>  <b>«Бәрі мен жайымда»</b>  Өзі, дене мүшелері туралы әңгімелесу, тақырыпқа сәйкес шығармадағы бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету</p>	<p><b>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</b>  Заттарды ені бойынша үстіне қою және жанына қою әдістері арқылы салыстыруға үйрету .  <b>Жаратылыстану</b>  <b>«Бәрі мен жайымда»</b>  Балаларға өзін жайлы және , дене мүшелері туралы әңгімелесу, тақырыпқа сәйкес шығармадағы бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету .</p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>Бәрі мен жайында</b>  <b>«Менің алақаным»</b>  Балаларға дене мүше туралы түсінік беру. Қағаз бетіне алақанды дұрыс бастыруға қадағалау, суретін салу оны бояумен бояуға үйрету.   <b>Мүсіндеу</b>  <b>«Менің алақаным»</b>  Элементтерді үлгі бойынша дұрыс қағаздың бетіне орналастыруын қадағалау және желімен дұрыс жұмыс жасауын қарапайым заттарға біріктіру, Балаларға алақанды дұрыс жабыстыруға үйрету</p>	

<p style="text-align: center;">2 апта <b>Дұрыс тамақтану, дәрумендер</b> 08-12.11</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> 1. Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. Допты екі қолымен көкірек тұсынан лақтыру. 40 см биіктіктегі доғамен еңбектеу. 2. Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. 40 см биіктіктегі доғамен еңбектеу. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. 3. Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> «Дұрыс тамақтану, дәрумендер» туралы түсініктерін кеңейту, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыруға (жемістер мен азық түліктер) сөздерді септелуіне қарай байланыстыруға үйрету. <b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Продукты питания витамины» <b>Цель:</b> Продолжать обогащать словарь детей, ввести в активный словарь названия продуктов питания, учить отвечать на вопросы полным предложением. Воспитать у детей бережное отношение к продуктам питания, заботливость, трудолюбие. <b>Дидактическая игра:</b> «Покажи и повтори»</p>	<p><b>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</b> Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтауға үйрету. <b>Құрастыру</b> «Дәрумендер бағы» Ұсақ құрылыс материалдарынан дәруменге ұқсайтын қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету <b>Жаратылыстану</b> «Дәрумендер денсаулық кепілі» Балаларға көкөністер мен жемістерді ажыратып топтастырып үйретуді жалғастыру. Адамның денсаулығына пайдасы жайында түсіндіру.</p>	<p><b>Сурет салу</b> «Дұрыс тамақтану, дәрумендер» «Алма» Дөңгелек пішінді салуды жетілдіру, алақанымен алманың суретін салуға үйрету</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> «Дәрумендер» Балаларға дәрумендер жайлы ақпарат айту. қабылдауға, заттар, ойыншықтар, кітаптар мен ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға, кеңістікті бағдарлауға үйрету, көлік құралдарының түрлерімен таныстыру</p>
---	--	--	--	---	---

<p style="text-align: center;"><b>3 апта. Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік. 15-19.11</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  1.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау.  2.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепетеңдікті сақтау. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу.  3.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру.  Тұрғанорнынанұзындыққасекіру.  Доптыжоғарығалақтыру.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</b>  Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді, сөздік қорды заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен толықтыруға, кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануға үйрету.  <b>Көркем әдебиет</b>  <b>«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</b>  Тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп оның мазмұнын түсінуге, қауіпсіздік туралы, оқиғаларға өзінің көзқарастарын білдіруге үйрету</p>	<p><b>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</b>  Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру, ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету  <b>Жаратылыстану</b>  <b>«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</b>  Табиғат бұрышындағы қауіпсіздік  Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасауда сәбилерді шамасы жетерлік іс-әрекетке қатыстыру (ірі жапырақтарды сүрту, гүлдерді суару).</p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</b>  Біздің көшедегі жол  Саусақпен салу әдісімен қоянға сәбіздің суретін салып беру.  <b>Жапсыру</b>  <b>«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</b>  <b>Бағдаршам</b>  Ересектердің даярлаған ірі және ұсақ элементтерге желімді жағып орналастыруға, тақырыпқа сәйкес спорт құралдарын жапсыруды үйрету</p>	
--	--	--	--	---	--

<p>4 апта : Біз батылмыз және ептіміз . 22-26.11</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> 1.Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Допты жоғарыға лақтыру. Бөрененің үстімен еңбектеу. 2.Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Бөрененің үстімен еңбектеу. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. 3.Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>«Біз батылмыз және ептіміз»</b> Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсіндіру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды жетілдіру, сөз бен сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылыққа тәрбиелеу. <b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Мы храбрые» <b>Цель:</b> Учить детей называть чтобы были храбрыми на русском языке, дать понятие об их пользе, расширять словарный запас детей. <b>Дидактические игра:</b> «Волшебный мешочек»</p>	<p><b>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</b> Геометриялық пішіндер: шеңбер, шаршы, үшбұрышты ажыратып тануды және атауды бекіту. Құрастыру Үлгі бойынша құрастыру дағдыларын қалыптастыру. <b>Құрастыру</b> <b>«Біз батылмыз және ептіміз»</b> <b>Зәулім үй құрастыру</b> Ойнай отырып, сюжет бойынша құрылыстарды салуға және біріктіруге үйрету <b>Жаратылыстану</b> <b>«Біз күштіміз ептіміз»</b> Жабайы жануарларды танып, атай білуді және сыртқы ерекшеліктерін ажырата білуді, олардың қимылдарына еліктеп жаттығулар жасауды (қоян болып секіру, аюдай қорбандап жүруді) қайсы батыл және епті екенін ажыратуға үйрету.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>«Батыл аю»</b> Қазақ оюының дайын суретіне оның жетпей тұрған элементтерін салуға үйрету.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> <b>«Біз күштіміз ептіміз»</b> Балаларға батыл мен епті екі адамның қайсысы батыл және епті екенін үйрету..</p>
--	---	--	---	---	--

<p><b>Өтпелі тақырып: Менің Қазақстаным</b> (Желтоқсан)</p>	<p><b>1. апта Алақай, қыс келді !</b> 29.11-03.12</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> 1.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепетеңдікті сақтау. Лақтырған допты қағып алу. 2.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Лақтырған допты қағып алу. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>«Қыс мезгілі»</b> Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп оқиганы эмоционалды қабылдауға үйрету</p>	<p><b>Жаратылыстану</b> <b>«Қыс келді»</b> Табиғат құбылыстары мен өлі табиғат заттары туралы түсініктерін кеңейту, тау, өзен, көлдер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>«Қыс қызығы»</b> Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, бұлттың суретін салуға және оны бояуға үйрету <b>Мүсіндеу</b> <b>«Қыс қызығы»</b> <b>Аққала</b> Ермексаз және сазбалшықтың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру, олардың кесектерін домалату, ширату, созу тәсілдерін үйрету</p>	
---	---	--	---	--	--	--

<p style="text-align: center;"><b>2. апта Тәуелсіз Қазақстан! 06-10.12</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> 1.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Допты көлденең нысанаға лақтыру. 2.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Допты көлденең нысанаға лақтыру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепеңдікті сақтау. 3.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепеңдікті сақтау. Лақтырған допты қағып алу.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>«Тәуелсіз Қазақстан»</b> Сөйлеуді дамыту Туған өлке оның табиғаты, айналасындағы заттар туралы түсініктерін кеңейту, зат есімдерді көмекші сөздермен: үстінде, астында, жанында бірге қолдануға, қоршаған ортасы туралы сұрақтар қоюға үйрету. <b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Моя Родина-Казakhstan» <b>Цель:</b>формировать представления детей о символике-гербе, флаге, гимне; воспитывать чувство гордости за свою Родину, уважение к её традициям и историческому наследию; способствовать развитию речи, памяти, внимания. <b>Аудио-игра</b> «Знакомство»</p>	<p><b>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</b> Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, түн тануға және атауға үйрету . <b>Жаратылыстану</b> <b>Менің Қазақстаным</b> Туған өлкені мекендейтін жабайы аңдар туралы қарапайым түсініктер беру, олардың дене бөліктерін ажыратуға үйрету. <b>Құрастыру</b> <b>«Бәйтерек»</b> Қағазды бүктеу тәсілін қолданып, қағаз бетін түрлендіруге үйрету</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Менің көк туым</b> Балаларға туы туралы мағлұмат айту және түзу сызықтарды салуды жетілдіру, тудың суретін салу және оны қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету</p>	<p><b>Қоршаған ортанымен танысу</b> <b>«Тәуелсіз Қазақстан»</b> Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін қалыптастыру</p>
--	---	--	---	---	--

<p style="text-align: center;"><b>3. апта: Менің туған өлкем 13-15.12</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  1.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Допты тура нысанаға лақтыру.  2.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Допты тура нысанаға лақтыру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>«Менің туғам өлкем»</b>  Балаларға туған жер, Отан туралы түсінік беру, сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруға, сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдануға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.  <b>Көркем әдебиет</b>  <b>«Туған жер Отан»</b>  Туған жер, Отан туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақ оқып беріп оның интонациясын қабылдауға, тақпақты жатқа айтуға үйрету</p>	<p><b>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</b>  Өзінің дене бөліктерін атауға және бағдарлауға үйрету</p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>Отаным менің</b>  Саусақпен сурет салуды жетілдіру, гүлдердің суретін салу.</p> <p><b>Жапсыру</b>  <b>«Көк ту»</b>  Желімді қылқаламға, дайын үлгіге мұқият жағуды жетілдіру, көліктердің дайын бейнелерін олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жапсыруды үйрету</p>	
---	---	--	---	--	--



4-апта : Қош келдің, Жаңа жыл!  
20-24.12

**Дене шынықтыру**

1.Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру.  
Биіктігі 5-10 см заттан жергесекіру.  
Еңістақтай бойымен жүрудете теңдікті сақтау.  
2.Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау.  
Допты тура нысанаға лақтыру.  
3.Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру.  
Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Лақтырған допты қағып алу.

**Сөйлеуді дамыту**

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту, берілген сұрақты тыңдау және оны түсіне білуді жетілдіру.

**Орыс тілі**

**Тема:** : «Моя малая Родина»

**Цель:** Познакомить детей с понятием «малая родина»; воспитывать любовь к малой родине. Научить детей называть название своего города, улицы, на которой живёт ребёнок.

**Дидактическая игра:** «Назови правильно»

**Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**

Біртекті заттардан топтар құрастыру және оның біреуін топтан бөлуді бекіту.

**Жаратылыстану**

Жануарлардың қысқа дайындығы туралы түсініктерін кеңейту, табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларды бақылау

**Құрастыру**

Қағазды жырту және шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіруге үйрету

**Сурет салу**

Дайын ойыншық қозының сұлбасына аяқтарын, көздерін, құлақтарын, аузын салып жалғастырып, суретін салуға үйрету

**Қоршаған ортамен танысу**

Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері, туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, жергілікті аймақта өсетін 2-3 ағаштардың түрлерін танып, атауға үйрету

2. апта: Жер –Ана!  
27-30.12

### Дене шынықтыру

1.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Бөрененің үстімен еңбектеу. Лақтырған допты қағып алу.

2.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Лақтырған допты қағып алу. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру

### Сөйлеуді дамыту

Жануарлар әлемі туралы түсініктерін кеңейту, олардың дене бөліктерін ажырату және атау, дұрыс сөйлеу қарқынын сақтауға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.

#### Орыс тілі

**Тема:** «Ягоды»

**Цель:** Продолжать учить понимать русскую речь , познакомить их с ягодами и ввести названия в активный словарь. Развивать познавательную активность в процессе исследовательской деятельности , координацию слова и движения , учить детей согласовывать прилагательное с существительным в роде, числе и падеже.**Дидактическая игра:**

**«Назови на русском языке**

### Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

Екі тең немесе тең емес заттар тобын салыстыруға үйрету

#### Құрастыру

Өртүрлі түстегі құрылыс материалдарынан құрастыруды жетілдіру, аалада гүл егетін гүлзардың құрылысын құрастыру оны гүлдермен шөптермен безендіруге үйрету  
**Жаратылыстану**  
Өсімдіктерді отырғызуға және оларға күтім жасауға шамасы жетерлік әрекетке қатыстыру, олардың өсіп-өнуі үшін қажетті жағдайлар туралы білімдерін кеңейту (жылу, жарық, су, күтім), олармен дос болуға үйрету

### Сурет салу

Дайын ойыншық қозының сұлбасына аяқтарын, көздерін, құлақтарын, аузын салып жалғастырып, суретін салуға үйрету

### Қоршаған ортаны таныстыру

Өлі табиғат нысандары: күн, ауа, су, топырақ, тас және т.б. туралы түсініктерін, қоршаған ортаның нысандарына жағымды қарымқатынасты қалыптастыру

